

Сурет 2. Сарыоба археологиялық кешенінің орнасқан жері

Археологиялық қазба жұмыстарының барлық сатысы тиісті деңгейде құжатталып отыр. Яғни, «дәстүрлі» сызба жұмыстары мен қатар цифрлы құжаттау жұмыстары да қоса жүргізілді. Бұл жұмыстар үшін цифрлы фотоаппарат пайдаланылды. Сонымен қатар, далалық зерттеу жұмыстары кезінде ұшқыссыз ұшу аппараты қолданылды. Археологиялық кешен орналасқан аумақтың ортофото жоспары мен нысандардың үш кескінді бейнелері жасалды. Бұл жұмыстар DronDeploy бағдарламасында жүргізілді [1,4 б].

Қорытынды.

Сарыоба археологиялық кешеніндегі жұмыстар үш жылға созылып ол жердегі тек сол оба емес жанныңдағы да обалар оз орындарың тапқан болатын Сарыоба кешені арқылы біз басқада обалардың сақталуың олардың техникадан зақымдану немесе жылдық табиғи апат кесірінен зардап шекпей тұрғанда ол жерде көңіл бөлінді.

Солтүстік Сарыарқаның ортағасырлық ескерткіштері бойынша, әсіресе көне түркі мен қимақ-қыпшақ уақытының бойынша археологиялық деректердің тапшылығына байланысты ескерткіштерді іздеу, тіркеу мен зерттеу, әсіресе тас мүсіндер туралы ақпаратты жинақтау мен жариялау ісіне басымдық беру керек екені аңғарылып отыр. Сарыоба археологиялық кешеніндегі зерттеу жұмыстары толығымен аяқталмағандықтан алдағы уақытта басқа да маңызды археологиялық деректер шығуы ықтимал. Қазіргі таңда Сарыоба археологиялық кешенінде зерттелген қыпшақ ғибадатханасын кең хронологиялық ауқымда, яғни IX-XIII ғғ. мерзімдеуге болады.

Терісаққан-Есіл алқабында орналасқан археологиялық ескерткіштердің көптеп табылуы аймақтың көне заманда да, кейінгі уақытта да тұрғындарға қолайлы болғандығын көрсетеді. Бұған қоныстық және жерлеу ескерткіштерінің де бір жерде орналасуын айта кету қажет. Аумағы шағын аймақтан 70-тен астам әртүрлі кезеңге жататын ескерткіштің табылуы аймақтың болашақта зерттеу тұрғысынан перспективалы аудан ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Е. Қасенәлі, А.Д. Касенова, САРЫОБА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНДЕГІ ҚЫПШАҚ УАҚЫТЫНЫҢ ҒИБАДАТХАНАСЫ // Астана халықаралық университеті. -Астана, Қазақстан, 12 б.
2. С. Есен, САРЫОБА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНДЕГІ 2022 ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ // Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Қазақстан. - Астана, 12 бет
3. Данияр Б. Айбар, Е. Айсулу Қ, Терісаққан-Есіл өзендері алқабындағы ескерткіштерге жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері // А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты. - Астана, Қазақстан, 22 бет

ТАЛДЫ 2 ҚОРЫМЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Талғатбек А.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Шашенов Д.Т.

Академик.Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

azhar.talgatbek00@mail.ru

Қарағанды қ.

Қазақстан аумағы ежелден бері тарихи-мәдени мұраларға бай аймақ. Әртүрлі кезеңдердің археологиялық ескерткіштері мен этнологиялық деректерін зерттеу қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бүгінде археологиялық және этнологиялық зерттеулердің маңызы артып, оларды сақтау мен жүйелі түрде зерттеу ауқымды болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеу саласында «Талды-2» археологиялық кешені үлкен маңызға ие. Бұл кешен еліміздің тарихи-мәдени мұрасын байытуға және ежелгі сақ дәуірінің ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Археологиялық табыстар ұлттық тарихымызға деген қызығушылықты арттырып, қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Айрықша айта кететін болсақ «Талды-2» қорымын зерттеудегі ең құнды археологиялық жаңалықтардың бірі Алтын адам табылуы, бұл олжа еліміздің территориясындағы сақ мәдениетінің деңгейін, әлеуметтік құрылымын және рухани құндылықтарын зерттеуге жаңа ғылыми мүмкіндік береді.

Кең байтақ Қазақ жерінің бір бөлігі Сарыарқа. Қазақстанның ұлан ғайыр жерін алып жатыр. Төрт құбылысын желге беріп керіле созылып жатқан ұлы тарихтың үнін сақтаған кең дала. Арқадай кең көсіліп жатқан сары даланың, Қарағанды облысынан 300 шақырым жерде, Қарқаралы ауданынан 44 шақырым, Қ.Аманжолов атындағы ауылдың маңында Кент тауының етегінде Ә.Марғұлан атындағы археология институтының ғылыми қызметкері А.Бейсеновтің жетекшілігімен «Мәдени мұра аймақтық бағдарламасы» аясында 2010 жылы «Талды-2» зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ерте темір немесе сақ дәуіріндегі құпияларын

Талды соңғы жылдары алдыға тартып отыр. Қола дәуірінен бастап, ғұн дәуіріне дейінгі ескерткіштер шоғырланған

«Талды-2» қорымының орта тұсын сақ заманының 7 үлкен қорғаны алып жатыр. Диаметрлері 30-65м биіктігі 2-3,5м. 7қорғанның 6-ы жерлеу орындары. Енді біреуі №7 қорған-жерлеу орны емес, осы әулеттің ас беріп, діни рәсім жасайтын ғұрыптық құрылысы болып шықты. Бұл қорғанның ішіне тас мүсін салынған. Орталық Қазақстан археологиялық зерттеу нәтижелерінде сақтардың тас мүсіндері табылған қорғандар туралы тарих ғылымында кездеспейді. (А.Бейсенов, 13-14 б.). Жалпы «Талды-2» қорымының қорғандарынан алтыннан құйылған 200ге жуық бұйым мен 22 000 астам ұсақ әшекей табылды. Алтын заттар-сақ билеушілері киген салтанатты киімнің әшекейлері. (А.Бейсенов 15 б.). А.Бейсеновтің айтуынша табылған заттар шамамен б.з.б VII-VI ғасырларға тиесілі. Алтын заттар сақ билеушілері киген салтанатты киімнің әшекейлері. Оның арасында кісе белдіктің қапсырмалары мен оған ілінген португея қайыстарға кигізілген әшекейлер мен түрлі тығырықтар, көптеген ілдіргі-салпыншақтар, қару тағылған қайыстар мен киімнің әр жеріне тағылған жапсырмалар бар. Мыңдаған өте ұсақ түйіршіктер шалбар балақтары мен камзолдың өңір-жеңдерін зерлеген бұйымдарға жатады. Қорғаннан алынған заттар ерекше шеберлікті талап ететін сақтардың көркемдік және рухани мәдениетін анық сипатайды. Аң стилі бейнеленген алтын бұйымдар сақ өнерінің өзіндік ерекшелігін айқындайды. Қорғаннан табылған жәдігерлер сақ қоғамының иерархиялық құрылымын көрсетеді. Алтын бұйымдардың саны, жерлеу құрылыстарының көлемділігі мен сән-салтанаттылығы «Талды-2» қорымында жоғары әлеуметтік деңгейі бар, көшпелі элита өкілдері жерленгендігін нақты дәлелдейді. Бұл қорғандарда қарапайым адамдар жерленбеген. Бұл сақ қоғамының әлеуметтік құрылымын зерттеуде маңызды рөлге ие, жәдігер сақтардың зергерлік өнерінің қаншалықты дамығанын дәлелдейді. Ұлттық тарихи мұра еліміздің бай тарихының айғағы болып, ата-бабаларымыздың өркениет деңгейінің жоғарғы болғанының айқын дәлелі.

Зерттеу барысында №2 қорғаннан әйел мен ер адамның сүйектері табылды, екеуінің жасыда 50-55 шамасында. Антропологиялық деректерге тоқталсақ, мұндағы ер адамның басының ерекшеліктері №5 қорған деректеріне ұқсас болып шықты. Демек, ол да ұзақ уақыт дулыға киюі мүмкін. Сақ дәуірі үшін 55 деген нақты кәрі адамдардың жасы, ол кезде адам өмір жасы ұзақ болмаған бұл ғылыми факт. Ғалымдар ұсынған мәліметтердің бір қызығы бұл екі адамның сүйек тқаны сапалы екендігін, қартая келе орын алатын әдеттегі өзгерістерге азырақ ұшырағанын көрсетеді. Қорған диаметрі 55метр, үйіндісінің биіктігі 3,5метр. Қорғандағы арқарлардың бір-біріне қарама-қарсы бастары мен қыран мүсініндегі әшекейлер табылған, композициялары 2 топпен берілген. Бірінші санатқа Т2-А1 өнімі кіреді; Au92,1; Аq 7,6; Si0. Екінші топ Т2-А2 өнімдерімен ұсынылған; Т2-А3; Т2-Ог: Au86,7-87,9; Аq10,3-12,2; Cu 0,2-0,9. Гофрленген түтіктер түріндегі пирстер табылған, бұны 3топқа бөліп қарастырған, бірінші топқа Т2-Р1, Т2-Р4, Т2-Р5, Т2-Р7, Т2-Р8 және Т2-Р9 өнімдері жатады. Екінші топ үшін Т2-Р16 өнімі жатқызылды. Үшінші топқа Т2-Р2 және Т2-П3 өнімдері жатады. Алтын пробалары Cal BC 768-745 (0.165), 686-665(0.160), 643-553(0,675) .Қазба жұмыстары кезінде етті сүйектен жасалған бұйымдар мен құралдар, қыш құмыралар, тамақ сақтауға арнаған, әшекейлер мен зергерлік бұйымдар, яғни нақтырақ айтқанда білезіктер мен сақиналар, тамшы тәрізді бұйымдар, ілдіргі салпыншақтар олар 3-3 тен біріктірілген бұның өзі байлық, құнарлық идеясымен байланысты. тіпті сүйектен жасалған бұйымдар табылған.(А.Бейсенов т.б 21-22 б.). №4 қорғанға 30-35 жастағы ер адам жерленген. Бұл қорғандарда табылған артефактілер мен мәдениеттер сақтардың дәуіріне тән болып, олардың тұрмысын, дүниетанымын және әлеуметтік құрылымын сипатайды. Сақтардың жауынгерлік мәдениетіне тән қару-жарақтар, тұрмыстық заттар мен әшекейлер табылған. Ерекше тоқталып кететін археологиялық қазба-жұмыстарының айқын жаңалығы №5 қорған. Қорғаннан Алтын Адам табылған, жаңалық археологтар тарапынан 2021 жылы жарияланған және еліміздің тарихындағы аса маңызды олжалардың бірі. Сонымен қатар, археолог А.З.Бейсенов ғалымдар тапқан олжа- қазына емес екендігін мәлім етті. «Бұл ғылыми жұмыс. Мен – кәсіпқой археологпын, қазына іздеуші емеспін. Біз мәдениет тарихының жәдігерлерін зерттеушілерміз», деп атап өтті ҚазАқпарат халықаралық агенттігі сауалнамасында. Бұл Қазақстаннан табылған нақты 4-ші Алтын адам болып саналды. Тек Қазақстан ғана емес бүкіл әлемдік ғылым үшін маңызды. Ол біздің ата-бабамыздың дүниетанымының қаншалықты биік деңгейде болғанын дәлелдейді. Өркениетті ел болғанының, тәуелсіздікке деген ұмтылысының, көшпенділер мәдениетінің асақ рухының символы. «Алтын Адам»- Мәңгілік ел идеясының тарихи тамыры. Алтын Адам шамамен б.з.б VII-VI ғасырларға тиесілі. А.З.Бейсеновтың айтуынша табылған қорғанда жерленген сақ жауынгері, «Бұл бір мезгілдері әрі билеуші, әрі жауынгер болған сынайлы» деп жорамал жасады. Адамның кеудесі толықтай алтынмен апталған, Бұндай көсемнің тұлғасының өзі күнге теңелген, бұл «күн билеушісі» іспетас болған секілді. Аса көрнекті қазақ ғалымы, археолог, Есік «Алтын адамы»жаңғыртпасының авторы Кемел Ақышов айтпақшы, «алтын жылы металл, онда Күннің қасиеті бар». От Анаға табынған сақтар алтынды аса қастерлеген. Одан жасалған бұйымдарды киімге тағудың қатаң тәртібі болған, тіпті қатардағы жауынгерлер ғана емес, басшыларда да мұндай құрметке ие болмаған. Алтын тек сақ патшаларының сыбағасы. «Алтын қорғандарының» жалпы өте сирек кездесетіні, міні осыдан. «Күн нұрынан жаралған» сақ патшасының өне бойы алтын! Ол арнайы жиындарда, мейрамдарда жұрт алдына шыққанда боданына Күн болып көрінген. Күн тұтылса, яғни ол жоғалып көрінбей қалса ұлы қасірет болады, ел төңкеріледі. Сол сияқты сақ патшасы өлсе де ел тұтылады. Оған үлкен оба-қорған тұрғызылып, сауын айтылады, алыс-жақыннан «жылағандар мен боздағандар» ағылады. (түркі тас жазуының мәтелі) №5 Қорғанда 30-35 жастығы ер адам жерленген, Ғылым докторы, еліміздің аса көрнекті профессор, антрополог О.Ысмағұловтың тобы антропологиялық деректерді қарап шықты. Бұл адамның тірісінде «басы үлкендеу,

мығым денелі, қол-аяқ мускулатурасы өте жақсы дамыған, тіршілік белсенділігі жоғарғы деңгейдегі» тұлға болғандығын дәлелдейді. Кейбір ерекшеліктеріне қарағанда, ішкі пропорциясы бойынша қол-аяқтың сол жақ сүйектері жақсырақ дамыған. Тіршілік белсенділігінің кейбір қыр-сырын сақталған зақымдану орындары тұспалдайды. Мәселен, сол аяғы тізеден төмен тұсы сынып, қабырғаның 4-і бір мезетте сынып, өлерден көп жыл бұрын жазылып кеткен. Бұл осы кездің өзінде медицинаның болғанының дәлелі. Сол жақ жауырының шеті әлденеден қиылып кеткен. Бұл жарақаттар әртүрлі уақытта орын алған. Бас ерекшеліктеріне тоқталып кетсек өзіне тән ерекшеліктері бар алдын ала жасалған өлшемдер бастың төбе тұсында тірісінде орын алған өзгерістерді көрсетіп отыр. Атап айтқанда, бастың жоғары төбеге өтер тұстары қусырылған, мәселен маңдайы, самайдың, шүйденің шеткі тұстары. Және де бұл туа біткен өзгерістер де, арнайы сақиналы деформация нәтижелері де емес, «ұзақ уақыт басты қысып тұрған басқада бір таңғыштардың немесе бас киімнің әсеріне» ұқсайды. Ауыр металл дулыға болуы мүмкін деген тұжырым жасалған, қарақұсында 14,7мм бір тесік бар, мұның адам өлгенен соң, арнайы жасалғаны анықталды. Трапениция деп аталатын мұндай тесіктер бұрыннан жиі кездеседі, бұл балызамдау үшін қолданылатын тәсіл. (А.Бейсенов 7-8б.). Кейінен антрополог Айнагүл Исмағұлова зерттеп монголоидтық қоспасы бар еуропалық нәсіл деп тұжырым жасады. Оба диаметрі 30м, биіктігі 2,1м. Ішінен 130 жеке алтын бұйымдар, алқалар, 14 садақ жебелері, тас моншақтар, Сонымен қатар інжу маржандар мен қабыршықтар табылған. Аспа белдіктердің алтын қапсырмалары, белдік қыстырғыштар, олардың құрамы өте біркелкі Т2-Об8 құрамы бойынша ерекшеленеді. Белдік ілігіде табылған бұл белдік қыстырғыш композициясына ие. Қорғаннан дәндермен жабылған конус сырға табылған. Алтын бұйымдардың арасынан мысық жыртқышының тамаша мүсіндері табылды. Сараптама нәтижесінде Алтын пробалары: Саl BC (68% probability) 790-750, 680-670, 610-600. (А.З Бейсенов т.б 16 б.). Осы кезде айта кететін болсақ, Сарыарқа сақтарының көркемөнер бұйымдары айтарлықтай тартымды заттардан тұрады. Оның қатарына салтанатты киімі мен ат жабдығының элементтерін құрайтын бөлшектер кіреді. Анималистік бейнелерін талдай отырып Сарыарқа сақтарының өнерінде құстар, аңдар және қиял ғажайып жануарларды кездестіре аламыз. Осы бейнелер тек ұсақ пластика бұйымдарында ғана емес, сондай ақ, монументалды өнерінің туындыларында жартаст беттерінде де көрініс табады. Жыртқыш құс түрлерінен, яғни бүркіттерден жыртқыш емес құстар мен қиял-ғажайып кейіпкерлері-бүркітті грифондар бөлінеді; аңдардың арасынан шөпқоректілер – марал, бұлан, арқар, таутеке, сайғақ, түйе, қабан, сонымен қатар, жыртқыш мысық тектестерді (жолбарыс, барыс) атауға болады. «Талды-2» ескерткішінен алынған таңқаларлық бұйымдар – идеялогияның, әскери-көшпенді өмір эстетикасының ықпалымен қалыптасқан декорға ие элита өкілдерінің костюмдерінің элементтері. Әрбір анималистік бейне костюм топографиясында, сондай ақ мифологиялық дүниетаным жүйесінде де қатаң түрде өзінің белгілі бір орнын алды. (А.Бейсенов 21-22 б.). Жолбарыс бейнесімен жасалған бұйымдар ерекше аң стиліне ие. Енді танымал археолог, тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан және Ресей аймақтарындағы маңызды тарихи-археологиялық жобаларға қатысқан маман Игорь Кукишкин «Талды-2» туралы тұжырымдап кетті. Өзінің зерттеулерінде бұл жердің ежелгі сақ мәдениетінің ерекше ескерткіш екенін атап өтті. Қорымнан Алтын адам табылуы, бұл орынды ерекше тарихи-мәдени нысан ретінде тануға мүмкіндік берді. Игорь Кукишкин бұл ескерткіштің тек қазба жұмыстарымен шектелмей, ашық аспан астындағы мұражай ретінде дамытылуы қажеттілігін атап өтті. Оның пікірінше, бұл аймақ Қазақстанның тарихын зерттеу мен танытуда маңызды орын алады. «Біз анықталған балалар қорымдары ересектерден бөлек орналасқан және жалпақ тастардан тұрғызылған. Ол заманда марқұмның рухы мұндай тастардан өтпейді, жұртты мазаламайды деп есептелген. Сондай-ақ балалардың мәйіттерінің жанында сүт тәрізді сұйықтықтың қалдықтары бар ыдыстар болды. Табылған олжа өте сирек кездеседі». Жалпы «Талды-2» Алтын адамының ғылыми жаңғыртпасын жасаған археолог Арман Бейсенов пен реставратор Қырым Алтынбеков, Тасмолла мәдениетінен алынған киім элементтерін қолдана отырып, Тыба жеріндегі ашылған «Аржан-2» қорымынан алынған деректерді пайдаланды. Нәтижесінде, алтын жапсырмалары қысқа күртеше киген, конус тәрізді аласа бас киімі бар, шалбарлы, мүсінінің тұла бойы аң стилінде жасалған алтын бұйымдармен әшәкейленген, жауынгерлік биік мәртебесін әйгілейтін, мойыналқалы, белдігіне қос қанжар асынып, арғымақ жетелеген «Талды ханзадасын» мүсіндеп шықты. Қорымнан алынған табылымдар ертесак аң стилі өнер жүйесіндегі өзінің қисынды орнын тауып, жеке бір өзіндік межені құрайды. «Аржан-2» тоналмай жеткен ескерткіш. Жануарлардың көптеген бейнелерінің, әшекей бұйымдар-жауынгер киімінің бөлшектерінің, олардың стилистикасы дәп бірдей. К.В.Чугунов «Аржан-2-нің аң стилі өнеріндегі туындыларында бірде бір синкретикалық бейненің болмағанын» белгілейді. Бейненің ой-танымына – жыртқыш аң мен тұяқты жануарлардың болғаны міндетті болған. К.В.Чугунов ерте сақ ескерткіштеріне белгілеген стилистикалық тәсілдер, Тасмола мәдениетінің ескерткіштеріне, әсіресе жуырда ашылған Талды-2 қорымынан табылған, бірақ олардың арасынан көбісі жыртқыш мысықтың кескін пішіндегі мүсіндері бар жапсырмалар (барлығы үш түрден тұрады). «Талды-2» қорымының қорғандарында кездескен зәрмен және тамшы тәрізді фигурамен декорациялау дәстүрі «Аржан-2» қорғанынан да тура аналогиясын табады. Өсімдік дәндері тәріздес салпыншақтарда Аржан қорғанынан кездеседі. (А.Бейсенов 21-22 б.). «Талды-2» және «Аржан-2» қорғандарының бұйымдары арасында «Талды-2» обасының аңдары шынайлықтың төменгі деңгейінде жасалған. Жартылай оралған қалыптағы мысық тектес жыртқыштың иконографиясы Тыва мен Орталық Қазақстан, тіпті Арал маңына дейінгі жерлерден белгілі. Анықталған ұқсастықтар ертесак кезінде дүниетанымдық және идеологиялық принциптердің, сондай ақ скиф-сақ үштігінің қалыптасқандығын көрсетеді. Сақ дәуірі Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Бұл кезеңде көшпелі өмір салты мен озық металл өңдеу технологиясы қалыптасқан. «Талды-2» ескерткішінің

зерттелуі Қазақстанның ерте темір дәуірін толықтыра түседі, сол кезеңнің мәдени және саяси құрылымдарын зерттеуге көмектесті.

Жалпы алғанда, сақ «Талды-2» ескерткіші ғылымға ежелгі мәдениеттің маңызды қырларын ашып беріп, археология, тарихи салаларында жаңа көзқарастар мен ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Осы орасан зор тарихи құндылығының арқасында «Талды-2» Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия тарихы үшін ерекше маңызға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бейсенов А.З. Орталық Қазақстан ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеудегі көміртегілік анықтамалар // Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «ХАЛЫҚ – ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ. – Алматы «Қазақ университеті» 2016. – 16 б.

2. Біләлова Г.Д б.з.д VII-VI ғғ Сарыарқадағы ерте сақ аң стилінің маңызды белгілері мен ерекшеліктері // Мәдени мұра ғылыми журнал. – Нұр-Сұлтан 2021. – 25 б.

3. Бейсенов А.З., Таиров А.Д., Зайков В.В., Блинов И.А. состав золотых изделий из могильника Талды 2 // «Сакская культура сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной евразии». – Караганда-2011 с. 21-25.

4. Бейсенов А.З. Арканың Алтын адамы // Мәдени мұра. 2014-2015 №4. 60-65 б.

Бейсенов Арман Зияденович, Китов Егор Петрович. Могильник Тасмолинской культуры Талды II в Центральном Казахстане (Краниологический анализ). – с. 72-76.

5. Бейсенов А.З. Сарыарқа далалық өркениетінің алтын бесігі // Мәдени мұра – Алматы, 2011. – 32 б. 13-22 б.

ТӘУКЕ ХАННЫҢ «ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» – ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

Сапар Д.Н.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор ассистенті Амрина М.С.
Академик.Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Қарағанды қ.

“Жеті Жарғы”- Салқам Жәңгір ханның ұлы Тәуке ханның құрған заңдар жинағы. Қазақ қоғамына “Жеті Жарғы” заңдар жинағының енгізілуі үлкен реформа алып келді. “Жеті Жарғы” жинағында қазақ қоғамының құқықтық жүйесінің негізгі қағидалары мен нормалары дәстүрге тураланып бекітілген. Тарихшылардың пікірінше, “Жеті Жарғы” Тәуке хан алдында өмір сүрген билеушілердің жинақтары негізінде жасалған. Оған Шыңғысханның “Жасағы”, “Қасым ханның қасқа жолы” және “Есім ханның ескі жолы” заңнамалар жинағы үлгі бола алады.

Қоғам өміріне «Жеті Жарғы» заңдар кодексін әкелген Әз - Тәуке хан таққа отырған XVII-XVIII ғасырлар (1680-1716 жж.) тоғысында бұрынғы моңғол империясы тұсында ресми орда жазуы саналып келген көне ұйғыр-моңғол жазуы қазақ ордасы үшін әлде қашан қолданылудан қалған болатын. Аталған уақытта қазақ даласына шығыс мұсылман, парсы өркениеті арқылы батысынан араб алфавиті келді. Бірақ қазақ ордасының ерекшелігіне, орналасу жағдайы, саяси қарым-қатынастарына байланысты бұл жазу елдің өмірінің саяси қажеттігіне нақтылы еңбеген кезеңі еді. Себебі екі түрлі жағдайға байланысты болды. Ең алдымен қазақ мемлекеті ежелгі түркі мемлекет үрдісінен бастау алатындығына байланысты, мұнымен қоса қазақ хандары Шыңғыс әулетінен тарайтындығында да болды. Екіншіден бұл кезеңде елдің саяси өмірінде орыстардың тікелей қолпаштауына ие болған ойрат-моңғолдардың саяси ықпалының басымдылығымен тікелей баланысты. «Жеті Жарғының» араб әліпбиімен жазылуын жоққа шығаруға болмайды. Сонда да сөз болып отырған уақытта қазақ жері алғаш өмірге келген Ойрат тод (төте) жазуын қолдану мүмкіндігінде болды. Ойраттың тод үсәг жазуын Зая Бандида жоңғар билеушілерінің нұсқауымен 1648 жылы Шу өзенінің бойында қыстауда отырған Абылай тәйші ордасында өмірге әкелді. Оны Ойрат ғұламасы Зая Бандида және Ойғыр жазуын реформалау арқылы жасады

Қазақ қоғамында билік жүргізу мен заң шығару құқығының, әкімшілік басқарудың иесі, мұнымен қоса жеке билеушісі хан болды. Жүздерді кіші хандар билесе, ұлыстарды – сұлтандар басқарып, кейінірек билер қарап, руларды - ру ақсақалдары уысында ұстаған. Бұлайша билік үлгісі орныққан Қазақ қоғамы XVIII ғасырдың соңында ерекше бір тығырыққа тірелген жағдайды бастарынан кешірді. Нәтижесінде дәстүрлі қоғамның жаңа талаптарына сай икемдеуге ұмтылу олардың ішінен билеуші топтың мүдделеріне сай келетінін ғана заңдастыру, ескірген және талапқа сай келмейтін ережелердің орнына жаңасын, яғни талапқа дұрыс